

"Интеллектуалдық меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 ақпан N 179

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Интеллектуалдық меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Интеллектуалдық меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

1-бап. 1998 жылғы 6 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Интеллектуалдық меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2-бап. Осы Заң қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың
жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, үкіметтері атынан осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,
санаткерлік меншігі саласында құқық бұзушылық ауқымының кеңеюіне терең алаңдаушылық білдіре отырып,

1996 жылғы 17 мамырда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімімен бекітілген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарында 2000 жылға дейінгі кезеңде ұйымдасқан қылмысқа және басқа да қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі бірлескен шаралардың мемлекетаралық бағдарламасын басшылыққа ала отырып,
Өзара сауда-саттықтың, экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми ынтымақтастықтың үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызуға тілек білдіре
о т ы р ы п ,

1993 жылғы 22 қаңтардағы құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық, сондай-ақ қылмыстық істер жөніндегі құқықтық қатынастар туралы конвенция ережелерін негізге
а л а
о т ы р ы п ,

Тараптардың күш-жігерін үйлестіру және санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесуде тиімді шараларды қабылдау қажеттігін ұғына отырып,
т ө м е н д е г і л е р т у р а л ы к е л і с т і :

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "санаткерлік меншік" 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қол қойылған, Дүниежүзілік санаткерлік меншігі ұйымын құрған Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада түсіндіріледі.

2-бап

Санаткерлік меншігін сақтау және қорғау саласында өзара іс-қимыл жасау әдістерінің келісілген нысандарын әзірлеу және оларды іске асыру мақсатында Тараптар тең құқылық және өзара тиімділік принциптерін сақтау негізінде, сондай-ақ халықаралық шарттар мен өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес осы саладағы құқық

бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және тексеру мәселелерінде ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

3-бап

Әрбір Тарап өзара кепілдік негізінде санаткерлік меншігіне арналған құқықты қорғауға қатысты өздерінің жеке және заңды тұлғаларына қарағанда, одан кем емес қолайлы режимді басқа Тараптардың жеке және заңды тұлғаларына ұсынуға құқылы.

4-бап

1. Тараптардың өкілетті органдары ынтымақтастықты:

а) санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу туралы ақпараттар алмасу;

б) санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу мәселелері бойынша жалпы ақпараттық мәліметтер жиынтығын оны алу мүмкіндігі бар субъектілерді атай отырып, жасау;

в) санаткерлік меншігі саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және оны ашу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

г) санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және оны ашу жөніндегі жұмыс тәжірибелерін алмасу;

д) оқулық, әдістемелік және арнаулы әдебиеттер алмасу;

е) бірлескен ғылыми зерттеулер, семинарлар және конференциялар ұйымдастыру;

ж) кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

з) Тараптардың сұрау салуы бойынша санаткерлік меншік саласындағы қызметті реттейтін нормативтік актілерді беру арқылы жүзеге асырады.

2. Тараптар осы Келісімді орындауға жауапты өздерінің өкілетті органдарының тізбесін белгілейді және Келісім күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірместен бұл туралы депозитарийге хабарлайды.

5-бап

Тараптар өздерінің ұлттық заңдарын санаткерлік меншік құқығын сақтау мен қорғау саласының халықаралық стандарттарына сәйкес келтіреді және кедендік органдарға санаткерлік меншік объектілеріне арналған құқықты бұзумен даярланған және/немесе сатып алынған және/немесе көрсетілген құқыққа қандай да болсын нұқсан келтіретін тауарларды Тараптың кедендік

шекарасы арқылы өткізуді тоқтатуға құқық беретін тиісті рәсімдерді қолданысқа енгізеді.

6-бап

Тараптар санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оның жолын кесу жөніндегі келісілген шараларды көздейтін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңдары нормаларын әзірлейді және қолданысқа енгізеді.

7-бап

Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесуде тиімді шаралар қабылдау және осы Келісім шеңберінде Тараптардың іс-қимылын үйлестіру мақсатында Тараптар бірлескен жұмыс Комиссиясын құрады, ол осы Комиссия туралы Ереже негізінде өзінің қызметін жүзеге асырады.

8-бап

Тараптардың өкілдері қажет болған жағдайларда заңдарды үйлестіру мен осы саладағы әдістемені қоса алғанда, санаткерлік меншікті сақтау мен қорғауда ынтымақтастық тиімділігін нығайту және арттыру проблемалары бойынша жұмыс бабындағы кездесулер мен консультациялар өткізеді.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптардың өкілетті органдары санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі

ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты ведомствоаралық келісімдер жасасуы мүмкін.

10-бап

Осы Келісім ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын пікір қайшылықтары консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Осы Келісімді іске асыруға байланысты шығыстарды әрбір Тарап дербес түрде көтереді.

12-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

13-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамамен р е с і м д е л е д і .

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Келісім тиісті құжаттар депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісім оның ережелерін бөлісетін басқа да мемлекеттердің қосылуы

үшін ашық, ол барлық Тараптардың келісімімен осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Осындай қосылуға келісімі туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап қосылу күшіне енді деп есептеледі.

16-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданылады. Осы мерзім аяқталған соң, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдамаса, әрбір жолы бес жыл кезеңге өздігінен ұзартылады.

17-бап

Әрбір Тарап Келісім қолданысы кезінде туындаған қаржылық және басқа да міндеттемелерін реттей отырып, кем дегенде шығуынан алты ай бұрын бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

18-бап

Осы Келісімнің ережелері басқа да халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелерге ықпал етпейді және Тараптардың кез келген басқа да екі жақты және көп жақты нысандарда мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысу құқықтарын шектемейді.

19-бап

Осы Келісім ережелерін Тараптардың кез келгені бұзған жағдайда басқа Тараптар 1969 жылғы халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена

конвенциясының 60-бабын басшылыққа алады.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 наурызда орыс тілінде бір түпнұсқа дана болып жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойылған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының	Молдова Республикасының
Үкіметі үшін (ерекше пікірі бар)	Үкіметі үшін

Армения Республикасының	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының	Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Грузия	Түрікменстан
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының	Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының	Украина
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың
жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге
Әзербайжан Республикасының
ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Әзербайжан Республикасы осы Келісімнің ережелерін іске асыру кезінде тұтас алғанда 7-бапқа және 8-інші баптың осы саладағы заңдар мен әдістемені үйлестіру бөлігіне қатысты өзіне міндеттеме алмайды.

Әзербайжан Республикасының
Премьер-министрі

Осымен қоса жіберіліп отырған мәтіннің 1998 жылғы 6 наурызда Мәскеу қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше мемлекеттер үкімет басшылары Кеңесінің отырысында қабылданған санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісімінің түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімінің түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталынады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының
Атқарушы хатшысының
бірінші орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.